



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Дәлелдеу істі заңды, негізді және әділ шешу үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында дәлелдемелерді жинаудан, зерттеуден, бағалаудан және пайдаланудан тұрады.

Сот процесіндегі дәлелдеудің мәселелері жайлы қазақстандық және шетелдік ғалымдардың пікірлері сан алуан. Мәселен, профессор М.Ш. Қоғамов: «Қылмыстық кодекстің негізгі идеясы ретінде қылмыстық жауаптылықты кез келген түсіндіру және түсіну кезінде оны қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды анықтау арқылы белгілеу Қылмыстық-процестік кодекстің проблемасы» - деп жазады. С.А. Шейфердің пайымдауынша, мәліметті алу, жинақтау үрдісі, оларды негіздеу мен растау үрдісімен бір [3]. Дәлелдеуді тану және куәландыру тараптары дәлелдемелерді жинаудың кезектесетін емес, өзара әрекеттесетін элементтер болып табылады.

Н.А.Громов, қылмыстық іс жүргізуде дәлелдеу барысында дәлелдемелерді жинақтау, тіркеуден кейін, оларды бағалау толығымен объективті ақиқат деп есептеуге жатпайды, яғни сот іс жүргізуінде дәлелдемелерді бағалау кезінде танымдық қана емес, заңнамада белгіленген өлшем бойынша ғана объективті ақиқатты анықтайды және судья заң алдындағы адалдыққа негізделген өзінің ішкі сеніміне сүйеніп дәлелдемелерді бағалап, шешім қабылдайтындығын атап өтеді [4].

Ұсынылған жұмыста дәлелдеу жалпы теориясының кейбір мәселелері, атап айтқанда, соттың, тергеушінің ақиқатты анықтау барысында тәжірибе жүзіндегі қызметі зерттеледі.

Аталмыш мақаланы жазу барысында қазіргі заңнама, қылмыстық құқық әдебиеті және қылмыстық, қылмыстық-процестік кодекстер, криминалистика бойынша әдебиеттер, қылмыстық сот ісінде дәлелдеу барысында қолданылатын дәлелдеу теориясының белгілі бөлімдеріне қатысты арнайы әдеби қайнаркөздер, деректер қолданылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Концепция правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 // Казахстанская правда. — 2009. — 27 авг.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі: Тәжірибелік құралы. — Алматы: ЖШС «Издательство «Норма-К», 2016. — 360 б.
3. Шейфер С.А. Доказательства и доказывание по уголовным делам: проблемы теории и правового регулирования. — Тольятти, 2008
4. Громов Н.А., Гущин А.Н., Луговец Н.В., Лямин М.В. Доказательства, доказывание использование результатов оперативно-розыскной деятельности. — М.: «Приор-издат», 2006. — 160 с.

УДК 343

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨЗІНЕН-ӨЗІ РАДИКАЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

Таштай Мейіржан Талғатұлы

Virus9509@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Құқықтану» мамандығының
4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі — А.О. Балғынтаев

Бүгінде Қазақстан Республикасында қатты серпінмен дамып келе жатқан «өзінен-өзі радикалдану» мәселесі, өз етегін 2005 жылы көрсеткен болатын. Бірақ та ол мезетте бұл проблемаға билік басындағылар да, халық та ат үсті қарап, қатты қорқа қойған жоқ. Жастарымыздың көп бөлігі дін жолына аяқ басуда. Бәлкім, бір жағынан бұл қуантатын жағдай шығар, алайда біреуімізге әке, ал біреуімізге аға-іні болатын кісілер топ-топ болып

отбасыларымен Сирияға аттанып, ал кейібреулері қолдарына қару алып еліміздің көшелеріне шығып, бейбіт тұрғындарға қарсы террористік актілер жасауда. Неліктен жастар арасында дін жолына өтушілер саны бірден эскалацияға ұшырады?! Қатты фанатизмге берілген жастардың қолдарына қару алып, түрлі жарылыстар ұйымдастыруына, «джихад жасаймын» лозунгын негізге ала отырып шет мемлекетке аттануына қандай күш әсер етуде және олар бұл күшті қайдан алуда? Осындай сұрақтардың жауабын біз осы бөлімде өзіміздің зерттеулерімізді ұсына отырып, жауап беруге тырыспақпыз [1, 89-90]. Бүгінгі күнге дейін террористің тұлғасы және олардың мотивациясына қатысты көптеген еңбектер жарық көрді. Бұл мәселеге қатысты әрбір ғалым түрліше сипаттама береді. Солардың ішінде көбісі террористерді психикалық ауытқулары бар адамдар ретінде көрсетеді, ал тағы біреулері террористер – олар бұрындары қандай да бір құқықтары мен бостандықтарына қатысты мемлекет тарапынан қатты озбырлық немесе заңсыздық көрген адамдар. Олар үшін терроризм жасау – мемлекетке әлеуметтік кек қайтарумен тең болып табылады дейді [2, 55].

Жалпы бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының қоғамын құртуға бағытталған үлкен технологиялы жүйе құрылып, басқарылып отыр деген пайымдауымыз бар.

Сіздердің назарларыңа көп адамдар біле бермейтін «Овертон терезелері» атымен танымал қоғамды құрту технологиясының негізін салған Джозеф Овертон есімді азаматты ұсынғымыз келіп отыр. Ол «Mackinac Center» деп аталатын қоғамдық саясат орталығының жоғарғы вице-президенті болып қызмет атқарған.

Аталған теорияға сүйенетін болсақ, кез-келген қоғамды белгілі-бір уақыт аралығында осы технология негізінде, сол адамдар тобына жат істі олардың еркін түрде істеуіне итермелеуге болады және ең қауіптісі ол заңнамалық түрде бекітіледі. Ол үшін 5 түрлі мүмкіндігер терезелерінің ашылғаны жеткілікті [2, 74-75].

Бұл технологияның қалай жұмыс жасайтынын қысқаша түрде сипаттап, мысал ретінде каннибализм немесе қызтекелік сынды қоғамға жат індеттерді алып көрелік.

Алғашқы уақытта каннибализм мәселесі қоғамда үлкен үрей туғызатыны және оны ешбір адам дұрыс қабылдамайтыны анық. Алайда мұның өзі Овертонның алғашқы сатысы. Сәйкесінше, ең алғашқы қадам ол «Немыслимо» сатысынан «Радикалдылық» терезесіне өту болып табылады.

Бізде сөз бостандығы бар, неліктен онда бұл тақырып жайлы сөйлемеске?!

Ең алдымен бізге, «Полинезия тайпаларның ескі әдет-ғұрыптары атты бір тарихи ғалымдар симпозиумын өткізуіміз керек. Осыдан кейін бізге аталған мәселені ғылыми айналымға жіберу қажет.

Көрдіңіздер ме расында каннибализм жақсы сөз қозғауға болады екен.

Келесі қадам «Мүмкіндік» терезесіне өтумен сипатталады. Аталған сатыда ғалымдар пікірін айтуды жалғастырамыз, онымен қоса «эвфемизм» әдісін қолданамыз, яғни каннибализм терминінің атауын өзгертуіміз керек. Мәселен, антропофилия.

Келесі қадам «Рационалдылық» деп аталады. «Адамның етін жеу – әрбір адамның табиғатында қалыптасқан дүние» немесе «Антропофилдерді осыған мәжбүр етті», «Әрбір еркін адам не істесе де өзі біледі» сынды сөздер халық арасында тарайды және осы сатыда қоғам екі топқа бөлінеді. Олар: жақтаушылар және қарсылық білдірушілер.

Әрі қарай «Популяризация» терезесі ашылады. Бұл сатыда қолдағы мәселемізді жан-жақты жарнамалауымыз керек. Оның бір жолы тарихи бір кейіпкерді алып оның «антропофил» болғандығын айтамыз. Мәселен: «Сіздер білмедіңіздер ме мына атақты композитор антропофил болған екен» сынды сөздерді таратамыз. Онымен қоса, түрлі ток-шоуларда, жаңалықтарда осы мәселені талқыға саламыз, әннің мәтініне қосамыз. Осылайша халық біз ұсынған тақырыпта еркін сөйлей бастайды.

Соңғы саты «Аktуалды политика» деп аталады. Бұл сатыда аталған мәселенің заңнамалық тұрғыда бекітілуі талқыға салынады және қоғамның осы сатыдан өтуі оның рухани түрде сынғанын білдіреді.

Овертонның қоғамды жою технологиясы адамның алдыңғы қатарлы қажеттіліктеріне негізделген. Ал ол қажеттіліктер Абрахам Маслоудың «Маслоу Пирамидасы» 2 және 4 сатысында орналасқан.

Олар:

1. Физикалық қажеттіліктер: аштық, шөлдеу, жыныстық қатынас
2. Қауіпсіздікте болу қажеттілігі: сенімділікті сезіну, қорқыныштан құтылу және сәтсіздіктерден
3. Белгілі бір топқа жату және махаббат
4. Өзгеге сыйлы болу қажеттілігі: жетістікке жету, танылу
5. Танымдық қажеттіліктер: білу, зерттеу, жасай алу
6. Эстетикалық қажеттіліктер: гармония, сұлулық, сәнділік, ұқыптылық
7. Алдыға қойған мақсаттарға жету, өмірде өз орнын табу (самоактуализация) [3, 89-90.].

Бүгінгі қоғамды құрту технологиясының тетіктерін біз екі түрге бөліп қарастырдық.

Олар:

- 1.Заманауилық
2. Діни арандатушылық

Қоғамымызды бұзудың «заманауилық» әдісі бүгінгі таңда етегін кеңге жайып дамып келуде. Бұл әдіс ғаламтор, әлеуметтік желілер, түрлі шетелдік әншілердің бейне баяндары, әуендері арқылы өзінің мақсатын жүргізуде.

Жалпы алғанда, бұл екі әдістің бастапқы қадамы болып, ең алдымен қоғамға белгілі-бір мәдениетті кіргізу табылады. Мәселен, 2006 жылдары біздің қоғам қызтекелік мәселесімен қатты тансық емес еді. Кейінірек 2009 жылдары Қазақстанға корейлік «Жігіттер гүлдерден де әдемірек» деп аталатын сериал келді. Жастарымыздың 80% аталған сериалдық басты рөлін сомдайтын жігіттерге ұқсағысы келіп шаш өсіре бастады. Оның себебі, қыз балдарға ұнау, ал ол өз кезегінде жоғарыда ұсынған Маслоу Пирамидасында көрсетілген қажеттіліктерді қанағаттандыру. Бұл технология өте ақылды түрде жасалған, яғни қоғамның қажеттіліктеріне және әуестігіне қатты көңіл бөлген. Ол технологияға сәйкес мәселені қоғамға енгізе отырып «Сәндік» етпейді, оның орнына қандай да бір мәселені енгізбес бұрын оны «Сәндік» етеді, одан кейін сәйкесінше қоғамның өзі оған ұмтылатын болады, себебі бұл тиімді. Бұл орайда негізгі объект болып жастар танылады. Себебі, олар рухани тұрғыда әлсіз және ықпалға тез көнеді [4, 10.].

Ендігі кезекте біздің жұмысымыздың негізгі бөлігіне тоқталайық.

Ең алдымен жастар арасындағы радикалдану процесінің не себепті қарқынды жүріп жатқанындығына жауымызды беріп көрелік. Ең алғаш саяфизмнің жұрнағы 2005 жылы көрінген болатын. Алайда жоғарыда айтып кеткеніміздей ол кезде оған қатты мән беріп қараған жоқ еді. Кейіннен 2011 жылы алғаш террористік акті жасалғаннан кейін барып ғана қорғану жұмыстарын жасай бастадық. Бірінші болып бізге арабтың мәдениеті тарады, осылайша ол әрбір адамның көзін үйретіп, санасына жайлап сіңе бастады. Байқайтын болсаңыздар бүгінгі күні адамдар «Асалаумағалейкум уа рахматуллахи уа баракатух», «Алхамдуллилах», «Субханаллах», «Иншаллах» деп күнделікті қоданатын қазақтың сөздерін арабтың сөздеріне алмастырған. Ал бұл өз кезегінде жоғарыда айтылған Джозеф Овертон технологиясының жүріп жатқандығын аңғартады.

6-7 ай көлемі ішінде діни культты орындарда, яғни мешіттерде, синагогада және церковьтарда өзіміздің бақылауымызды жүргіздік. Мешітке бүгінгі деструктивті ағымның, яғни «саяфизмнің» символы болған балақтың қысқаруы мен сақал қоюды бізде жасап мешітке жүріп, адамдардың оған реакциясын бақыладық, онымен қоса осы ағымның етегінен ұстап жүрген азаматтардың өзгелердің оларға қорқыныш ұялаған назарын салған кезіндегі реакциясын да зерттедік. Егер де мешітке кіретін болсаңыз адамдар ең алдымен сіздің сақалыңызға және балағыңыздың қысқа немесе қалыпты екендігіне қарайды. Осыдан Біздің ойымызша, бүгінде «саяфизм» көптеген жастардың қоғамда өзінің орнын табуға, өзін қауіпсіз сезінуге және бүгінгі күнде өмірдің қиындықтарынан құтылудың жолы деп санайды.

Естеріңізге енді жоғарыдағы Дж. Овертонның технологиясын мен Маслоу пирамидасындағы 2 санаттағы қажеттілікті естеріңізге түсіріңіздер. Статистикаға сүйенетін болсақ, жастардың көп бөлігі әлеуметтену процессінің ересектікке өту кезінде, белгілі бір уақыт аралығында қылмыстық құқық бұзушылық жасауға әуес болып келеді, себебі олар өзінің ортасында енді ғана қалыптасып келе жатқандықтан міндетті түрде мұндай қажеттіліктер әрбір адамда туады. Тағы да айтатын бір жайт, байқап қарайтын болсаңыздар жастардың көп бөлігі және ересек кісілер де радикалдану процессінің алғашқы этапынан өтіп қойған және адамдардың 80%-ның виктимділік қасиеті жоғарғы деңгейде. Онымен қоса, жоғарыдағы 80% адамның барлығы ашу-ызаға толы, қабағынан қар жауған адамдар десем қате болмас. Мұндай ыза-кектің, ашудың оларда қалай туатындығын да зерттеп қарастырып көрдік. Белгілі бір психолог немесе әлеуметтанушының бұл мәселеге қатысты теориясын таба алмадық. Сондықтан өзіміздің зерттеу қортындысын ұсынбақпыз. Сирияға аттанған 400 қазақстандықтың шамамен барлығының, одан бөлек бүгінгі Қазақстандағы осы деструктивтік ағымның құрбаны болып жүргендердің көбісі жағдайы төмен, жұмыссыз жүрген адамдар. Байқайтын болсаңыздар адамдардың көп бөлігі өзінің қолы жете алмайтын қандай да бір дүниені, сұлу әйелді, жағдайы жасалған, сұлу, қымбат көлік мінген өзге адамды көрсе бірден оны өзінің жауы қылады, сол арқылы өздерінің қажеттіліктерін басады, ал біздің жағдайда террористер күнде өздері сияқты намаз оқымайтын, керемет көлік мінген адамдарды көріп, «біз дұрыс жолда жүрміз деп» өздерін олардан жоғары санайды осылайша өзінің қажеттіліктерін ашу-ыза мен басады.

Расында әрбір ғалым аталған мәселені шешуде өзіндік әдістерді ұсынды. Ал біз аталған Овертон жабу үшін келесідей ұсыныстар жасағымыз келеді. Олар:

1. «Үлгілі мұсылман жобасы»
2. Уағыздарға қатысты шектеулер
3. Діни омбудсмен құру жобасы

Кез-келген мәселені зерттеуде оның негізгі қайнар көзін тауып алған абзал. Сәйкесінше біздің жағдайымызда, мәселенің негізгі туу көзі болып жастардың «өзге мәдениетке және әлемге әуестігі» болып табылады. Сондықтан біз осы технологияның қаруын өзіне қолданамыз. Ол үшін жастардың қызығып берілуі үшін басқа дүние ойлап табуымыз керек. Ал ол қатты қиын емес. Мәселен, бүгінгі күні Астана қаласында футбол ойнау алаңын жалдау үшін кемінде сағатына 6 000 – 12 000 тенге көлемінде қаржы жұмсайды. Қарапайым бокс секциясына бару үшін 10 000 тенге көлемінде тағы қаржы жұмсаймыз.

Біздің ұсынымыз «Үлгілі мұсылман жобасын» жүргізу арқылы жастардың діни сауатын ашу, спортпен айналысуда олардың алдында туатын әлеуметтік-экономикалық барьерлерді жою. Ол үшін арнайы спорт орталықтарымен, ҚР Мұсылмандар діни басқармасы келісе отырып бірнеше спорт түрлерімен айналысуларына жағдай жасау, сол арқылы жастардың әуестігін жаулай отырып олардың бос уақыттарын тиімді пайдалануларына көмек беру. Түрлі сайыстар ұйымдастырып, бүкіл Қазақстан бойынша әрбір жеңімпазды «үлгілі мұсылман» белгімен марапаттап бұқаралық ақпарат құралдарынан көрсету арқылы өзге мұсылмандардың санасында жақсы ой қалыптастыру. Жобаның негізгі бағыты спорт ғана емес, одан бөлек ғылыммен айналысуға тарту. Аталған жобаны Қазақстан Ртаеспубликасы Мұсылмандар Діни басқармасы арқылы жүргізгенді жөн көріп отырмыз. Себебі, жастардың көп бөлігі діни қызметкерлердің тілін тез алады және оларды құрметтейді.

Одан бөлек бізге «діни омбудсменді» енгізу керек болып табылады. Діни омбудсменге бірқатар талаптар қойылады. Олар (мысалы):

1. Діни білімінің болуы
2. Жан-жақты болуы
3. Адамдарды өзіне қарата білетін шешендік өнерінің болуы

Тағы бір айтатын мәселе, уағыздарды тек мешіттерде айтуға рұқсат беріп, ал қалған жерлерде тиым салу керек деп ойлаймыз. Себебі, бүгінгі күні деструктивті ағымның өкілдері ашықтан-ашық өздерінің жиналыстарын өткізіп, уағыз-насихат жүргізуде.

Алихан Бөкейханұлының Міржақып Дулатұлына және Ахмет Байтұрсыұлына жазған хатында: « Өлі күнді көретін ұрпақ келеді, сол ұрпақ сендерді үлкен құрметпен, үлкен ризашылықпен еске алатын болады. Күрес жолы түскендеріңе өкінбеңдер!!!»- деп жазған екен. Ал егер біз жас ұрпақты бос жіберіп, осындай ислам дініне жат қылық жасауға итермелейтін ағымдардың соңында жүре беруін тоқтатпасақ, кешегі зиялылардың еңбегін қалай ақтамақпыз?! Сондықтан тізе қосып іс қылып азаматтық борышымызды өтейік, ағайын!!!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кубеев Е.К. «Криминальное поведение: диагностика и исследование», 473 с.
2. Глен Б. «Overtons windows», 264 б.
3. Габриель Т. «Преступник и преступление», 217 б.
4. Ю.М. Антонян. «Терроризм», 365 б.
5. Ю.М. Антонян. «Почему люди совершают преступление», 316 б.

УДК343.3/7

ПРЕСТУПЛЕНИЕ И УГОЛОВНЫЙ ПРОСТУПОК В УГОЛОВНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Темирбулатова Риналия

студентка 2 курса Государственного университета им.Шакарима г.Семей
Научный руководитель: А.Д. Толысбаева

В соответствии с Концепцией правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года [1] уголовное законодательство Республики Казахстан в корне изменилось. С 1 января 2015 года введен в действие новый Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 г.

Одной из проблем уголовного законодательства Республики Казахстан является терминология нового Уголовного кодекса. Большинство споров возникает вокруг внедрения в уголовное право такого понятия как уголовное правонарушение. Именно так называется раздел 2 УК (ст.ст. 10-38). Понятие уголовное правонарушение само по себе является ключевым, оно употребляется практически во всех статьях УК, но в то же время в УК нет конкретного его определения. Если бы такая попытка была предпринята, выяснилось бы, что это понятие означает то же самое, что и преступление. В старом УК этот раздел (ст.ст. 9-37) так и назывался: «Преступление». Всегда считалось, что УК - это и есть совокупность преступлений. Теперь получается, что Уголовный кодекс есть совокупность уголовных правонарушений, которые в зависимости от степени общественной опасности и наказуемости подразделяются на преступления и уголовные проступки (ст. 10) [2].

В целом, понятие преступления не изменилось. Преступлению, как и прежде, присущи такие признаки, как:

- общественная опасность;
- противоправность;
- виновность;
- наказуемость.

Отличительным признаком новой редакции является определенность видов наказания. Преступление влечет угрозу таких видов наказаний, как штраф, исправительные работы, ограничение свободы, лишение свободы, смертная казнь.

Уголовный проступок - совершенное виновным деяние (действие или бездействие), не представляющее большой общественной опасности, причинившее незначительный вред либо создавшее угрозу причинения вреда личности, организации, обществу или государству, за совершение которого предусмотрено наказание в виде штрафа,